



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2020 жылдың 26 ақпанда жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Е.Л. Тоғжановқа

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы. Осы ұлық мерекені өз деңгейінде атап өту үшін дайындық жұмыстары қазірден басталып, жоспарлы түрде жүргізілгені жөн. Мемлекет басшысы – Президентіміз Қ. К. Тоқаев: «Мен майдангердің ұлымын. Біз, қазақстандықтар, Ұлы Жеңіс жолында жанын қиған жауынгерлердің ерлігін әрдайым есте сақтаймыз» деп атап өткен болатын.

Соңғы деректер бойынша, Қазақстаннан майданға аттанған 1 366 164 жауынгердің 602 928-і соғыстан қайтып оралмады.

27 миллионға жуық адамын жалмаған қанды қырғында елімізден аттанған 500-ге тарта жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанған болатын. Соғыстан кейін бұл атақты 1946 жылы Құдайберген Сурағанов, 1965 жылы Сабыр Рахимов, 1990 жылы Бауыржан Момышұлы алды.

Кейінгі кезеңде, еліміз егемендік алғалы бергі жылдары бірқатар мәселелерге тың тұрғыда, тәуелсіз ел талаптарына сай қарау қажеттігі туындады. Айталық, Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылып, бірақ осы лайықты марапатқа ие болмаған майдангерлердің есімдерін іздестіру мен халық жадында жаңғырту, сөйтіп тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында құрылған «Ұмытылған батырлар» жобасының аясында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде осындай 133 қазақстандық майдангердің есімі анықталды. Олар туралы деректер нақтылы тарихи, архивтік құжаттар арқылы дәлелденді.

Аталған 133 майдангердің сегізі аталған атаққа тіпті екі реттен ұсынылған. Олардың екеуі капитандар Сағадат Нұрмағанбетов пен Сейітхан Темірбаев болса, әрқайсысы бір-бір рет Батыр атағын алды, ал қалғандарына екі ретінде де берілмеген. Олар – қатардағы жауынгер Жансеріков Құдайберген және аға сержант Сағындықов Мінайқұл, лейтенант Көктаев Қабыш және 248 фашистің

көзін жойған сержант Байжанов Зейтін, сонымен қатар майор В.А.Гутов пен лейтенант В.И.Гутовскийлер.

Шығыс Қазақстан облысы Зыряновск қаласының тұрғыны, майор Несмиянов Александр Кеңес Одағының Батыры атағына үш рет ұсынылған. Үш ретінде де берілмеген.

Енді осы бағаланбаған батырлардың бірқатарының ерлік істеріне қысқаша тоқталсақ:

Әбдібеков Төлеуғали – гвардия аға сержанты, мерген. 1942-1944 жж. өз виновкасымен 397 фашисті жойған. Оның әскери ерліктері туралы ақпарат бүкілодақтық радио арқылы таратылған. 1944 жылдың 23 ақпанында жарақаттан қайтыс болған.

Тағы бір мерген, гвардия сержанты Қабдулов Әбдіхалық 1942-1944 жж. 215 фашистің көзін жойған. 1944 жылғы 21 шілдеде ерлікпен қаза тапқан.

Аты аңызға айналған ұшқыш, гвардия капитаны Есіргепов Байтұрсын 1941 жылдың шілдесінен 1945 жылдың мамырына дейін Отан соғысына қатыса отырып, 174 сәтті жауынгерлік ұшу жасаған.

Танкішілер де ерекше көзге түскен. Гвардия аға лейтенанты Рахметов Жұмаштың жауынгерлік есебінде жойылған 4 неміс танкі, түрлі калибрдегі 15 қару, 36 дзот, 19 пулемет және 300-ге жуық неміс солдаты мен офицері бар.

Осы аталған азаматтардың барлығы Батыр атағына ұсынылып, бірақ алмаған. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Айта кету керек, бұл – бағаланбаған батырлардың бір бөлігі, марапаттау парақшасы тізімінен табылған майдангерлер ғана.

Өкінішке орай, осы қаһармандардың есімі, ерлік істері негізінен жақын туыстарынан басқа адамдарға жақсы таныс емес. Басқа, Батыр атағына ие болған отандастарымыз сияқты, мектептер, көшелер мен ауылдарға аттары берілмеген. Отқа оранған өмір жолдары туралы жеткілікті дәрежеде айтылмаған, жазылмаған, дәріптелмеген. Бүгінгі бейбіт күн үшін жанын қиған сол арыстарымыздың атын қайта жаңғыртып, ерліктерін ұлықтау – біздің баршамыздың абыройлы борышымыз. Олардың барлығы ел жадында мәңгі сақталуға лайық нағыз қаһармандар.

Осы орайда, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы мерекесі қарсаңында өз тарапымыздан бірнеше ұсыныс білдірсек дейміз:

- аталған батырлардың есімдерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары жасалса;
- олар туралы деректі кітаптар шығарылса, фильмдер түсірілсе;
- арыстардың туған жерлерінде, ауылдарында мемориалдық ескерткіштер, тақталар орнатылса;
- бұрындағыдай іздеу экспедициялары жандандырылса.

Жоғарыда аталған шаралардың барлығы еліміздің болашағы – өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге де ерекше септігін тигізеді деп білеміз. Ерлік ешқашан ұмытылмақ емес, ұран болып жалғаса береді. Осы ұсыныстарымызға қолдау білдіріп, іс-шаралардың жүйелі, жоспарлы түрде жүзеге асуына ықпал етсеңіз екен.

Осыған орай, депутаттық сауалға заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен,

**Н. Дулатбеков**

**Н.Әбдіров**

**С.Абдрахманов**

**К. Абсатиров**

**М. Айсина**

**И. Аронова**

**Е. Барлыбаев**

**С. Бычкова**

**Г. Бижанова**

**А. Дәуренбаев**

**Ж. Дүйсебаев**

**Б. Дүйсенбинов**

**Қ. Ержан**

**Д. Еспаева**

**С. Имашева**

**М. Қазбекова**

**Б. Кесебаева**

**Е. Козлов**

**А. Қожахметов**

**С. Құсайынов**

**М. Магеррамов**

**М. Махамбетов**

**Н. Микаелян**

**К. Мусин**

**Е. Никитинская**

**А. Нуркина**

**В. Олейник**

**Ж. Омарбекова**

**О. Оксикбаев**

**А. Перуашев**

**А. Смағұлов**

**Т. Сыздықов**

**М. Теміржанов**

Орын: М.Қалбаева 746760



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

*Оглашен 26 февраля 2020 года*

**Заместителю Премьер-Министра  
Республики Казахстан  
Тугжанову Е.Л.**

### Депутатский запрос

#### **Уважаемый Ералы Лукпанович!**

Совсем немного осталось до 75-летия Великой Победы. Вторая мировая война была самой масштабной и самой кровопролитной в истории человечества. Чтобы отметить Великую Победу на достойном уровне мы должны уже сейчас начинать активно готовиться. Как отметил Глава государства - наш Президент Токаев К.К.: "Я сын фронтовика. Мы, казахстанцы, наш священный долг - помнить уроки той страшной войны и свято чтить беспримерный подвиг старшего поколения».

Сложно найти семью, которой бы не коснулась Вторая мировая война. Ворвавшись в мирный быт большой страны, заставив жить по своим правилам, война навсегда изменила и ход истории, и судьбы миллионов.

На борьбу против фашизма встали 1 366 164 казахстанцев. Почти половина из них – 602 928 – остались навсегда молодыми, не вернувшись с полей сражений.

За подвиги в Войне, унесшая жизни двадцати семи миллионов граждан Советского Союза, около 500 казахстанцев были удостоены звания Героя Советского Союза. После окончания войны такие звания получили в 1946 году Кудайберген Сураганов, 1965 году Сабыр Рахимов, 1990 году Бауыржан Момышулы.

В последнее время, за годы независимости нашей страны возникла необходимость взглянуть на некоторые вопросы по-новому. Так, в результате проведенных работ в рамках проекта «Забытые герои», созданного в целях поиска и восстановления исторической справедливости были определены имена

133 казахстанских фронтовиков, которые были представлены званию Героя Советского Союза, но так и не удостоены этой заслуженной награды.

Восемь казахстанцев были представлены к званию Героя дважды. Если двое из них, это капитаны Сагадат Нурмагамбетов и Сейтхан Темирбаев получили по одному разу звания Героя, то остальным оба раза было отказано.

Это рядовой Джансериков Кудайберген и старший сержант Сагиндыков Мнайкул, лейтенант Куктаев Кабыш, сержант Байжанов Зейтын, на счету которого 248 убитых фашистов, а также майор В.А. Гутов и лейтенант В.И. Гутовский.

Майор Несмиянов Александр из г. Зырянск, Восточно-Казахстанской области был представлен к званию Героя Советского Союза – трижды. И трижды ему было отказано.

Хотелось бы кратко рассказать о подвигах недооцененных героев:

Абдыбеков Тулеугали-гвардии старший сержант, снайпер 1942-1944 гг. из своей снайперской винтовки уничтожил 397 фашистов. Его боевым достижениям была посвящена передача на Всесоюзном радио. 23 февраля 1944 года он скончался от ран.

Еще один снайпер Кабдулов Абдукалик 1942-1944 гг. истребил 215 фашистов. 21 июля 1944 года был убит.

Легендарный летчик Есеркепов Байтурсун с июля 1941 года по май 1945 года, произвел 174 успешных боевых вылетов.

Отличились и танкисты. Особенно проявил себя Рахметов Жумаш-гвардии старший лейтенант, на боевом счету которого 4 уничтоженных немецких танка 15 орудий разных калибров, 36 дзот, 19 пулеметов и около 300 немецких солдат и офицеров.

Все эти солдаты были представлены к присвоению звания Героя, но по тем или иным причинам их не наградили. Подобный список бесконечен. Стоит отметить, что это часть недооцененных героев, только фронтовики, найденные из списка наградных листов.

К сожалению, имена героев мало кому знакомы, кроме родственников. Школам, улицам и селам не были присвоены их имена. Их подвиги, признанные товарищами по бою, были незаслуженно забыты. Они достойны того, чтобы память о них не была предана забвению.

В связи с этим, в преддверии празднования 75-летия Великой Победы хотелось бы выразить несколько предложений:

- разработать комплексный план мероприятий по увековечению памяти названных героев;
- издать книги, снять документальные фильмы о них;
- установить мемориальные памятники, плиты в селах, на родных местах героев;
- возобновить поисковые экспедиции.

Все вышеперечисленные мероприятия будут способствовать воспитанию подрастающего поколения - будущего нашей страны в духе патриотизма. Подвиг героев никогда не забудется, будет продолжаться как девиз. Просим

поддержать предложения и способствовать их системному, планомерному выполнению.

В связи с вышеизложенным, просим дать ответ на депутатский запрос письменно в установленные законодательством сроки.

С уважением,

**Н. Дулатбеков**

**Н. Абдиров**

**С. Абдрахманов**

**К. Абсатиров**

**М. Айсина**

**И. Аронова**

**Е. Барлыбаев**

**С. Бычкова**

**Г. Бижанова**

**А. Дауренбаев**

**Ж. Дуйсебаев**

**Б. Дюсембинов**

**К. Ержан**

**Д. Еспаева**

**С. Имашева**

**М. Казбекова**

**Б. Кесебаева**

**Е. Козлов**

**А. Кожухметов**

**С. Кусаинов**

**М. Магеррамов**

**М. Махамбетов**

**Н. Микаелян**

**К. Мусин**

**Е. Никитинская**

**А. Нуркина**

**В. Олейник**  
**Ж. Омарбекова**  
**О. Оксикбаев**  
**А. Перуашев**  
**А. Смагулов**  
**Т. Сыздыков**  
**М. Темиржанов**

Исп: М.Калбаева 746760